

Кежек селолық округіндегі көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Кежек селолық округі әкімінің 2010 жылғы 17 қарашадағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 желтоқсанда N 8-10-127 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық–географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Кежек селолық округі тұрғындарының Ақтоғай ауданының әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссиясының 2008 жылғы 19 маусымдағы N 1-жиналыс хаттамасына және 1-6 ұйғарымына сәйкес Кежек селолық округінің әкімі **ШЕШІМ**

Е Т Т І :

1. Кежек селолық округіндегі көшелердің бұрынғы атаулары өзгертілсін:
N 1 көшесі - Нұра көшесі деп;
N 2 көшесі – Бейбітшілік көшесі деп;
N 3 көшесі - Сарыарқа көшесі деп қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

А. Садуов

К е ж е к с е л о л ы қ